# Өңірдің өнері өрісті

**Арқалықта Елордамыз Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Асқақ әнім Астана!» атты XXXII-ші облыстық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы фестивалі өтті.**

**Қала көркемөнерпаздарының байқауына Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның режиссеры, ҚР Мәдениет қайраткері, А.Евсюков бастаған бір топ өнер майталмандары қазылық жасады. Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасының басшысы Е.Қалмақов пен облыстық халық шығармашылығы орталығы директорының міндетін атқарушы Ж.Жулкеева қатысты.**



Фестиваль ережесіне сәйкес түрлі жанрда 20 нөмірден тұратын концерттік бағдарлама ұсынылды. Нәтижесінде 14 нөмір 25 балдық ең жоғары көрсеткіш көрсетті. Атап айтқанда: ҚР Мәдениет қайраткері Б. Әбенов жетекшілік жасайтын қазақ Халықтық ұлт-аспаптар оркестрі, «Сарыарқа сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблі (жетекшісі Д. Рысбеков), «Еркежан» қобызшылар ансамблі (жетекшісі Г.Беккожина), «Ақбота» халық би ансамблі (жетекшісі Ә. Балғынбаева), Республикалық байқаулардың жеңімпазы Ә. Мұханбетжанова (жетекшісі М.Бегалова), «Қазына» халықтық ардагерлер хоры, Әншілер тобы, әншілер Ж. Жаңажанов, А. Садуақас, сондай-ақ сахнаның тақырыпқа сай безендірілуі мен концерттің жоғарғы дәрежеде өтуіне өзіндік үлес қосқан жүргізушілердің еңбектері де жоғары бағаланды.

- Өңір өнерпаздарының жылда заман талабына сай жаңашылдандырып, жыл сайын түрлі жанрды жарыққа шығарып, көркемдік, сахналық киімдерге ерекше көңіл бөлінгендігін қазылар айрықша атап өтіп, алғыстарын білдірді.

Орайы келгенде игі бастаманы қолдап, қаламыздың мәдениеті мен өнеріне өзіндік үлес қосып жүрген барлық өнерпаздарға, әсіресе Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжіне, Музыка мектебіне, ардагерлер ұйымына зор алғысымызды білдіреміз,-дейді қалалық Мәдениет сарайының бөлім меңгерушісі Зәмзағүл Тапалова.

**«Торғай - ақпарат»**